

Мағжан Жұмабаев ауданы Совет, Чистовск селоларының және Сулышоқ ауылының шекараларын өзгерту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық әкімдігі мен мәслихатының 2009 жылғы 29 шілдедегі біріккен N 249 қаулысы мен шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 қыркүйекте N 13-9-99 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 108-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 31-бабы 1-тармағы 10-тармақшасына және 6-бабы 1-тармағы 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аймақтық құрылысы туралы» заңының 5, 12-баптарына сәйкес, Совет, Чистов, Успен селолық округ әкімдерінің ұсыныстары және Совет, Чистовск селолары мен Сулышоқ ауылының тұрғындары жиналысының хаттамалары негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және аудан мәслихаты **ШЕШІМ** қабылдайды:

1. Совет, Чистовск селоларының және Сулышоқ ауылының шекараларына қордағы жерлерден жер қосылып, өзгертілсін:
Совет селосына – 46 га, Совет селосының соңғы шекарасы 2243 га болып есептелсін ;

Чистовск селосына – 351 га, Чистовск селосының соңғы шекарасы 2288 га болып е с е п т е л с і н ;

Сулышоқ ауылына – 185 га, Сулышоқ ауылының соңғы шекарасы 581 га болып е с е п т е л с і н .

2. Осы шешім мен қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне еніп, алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн соң қолданысқа енгізіледі .

Аудан әкімі

сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Сапаров

мәслихат

Б. Жұмашев

В. Гюнтнер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК